

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні құтты болсын!

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

университет студенттерінің үні

№ 19 (513) 15 желтоқсан 2021 жыл



**ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ МЕН ОҚУ
ОРДАМЫЗДЫҢ 30 ЖЫЛДЫҚ ТОРҚАЛЫ
ТОЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ШӘКІРТТЕРІМІЗ ТОП ЖАРДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында студенттеріміз жоғары жетістікке жетті. Боз кілемде 57 келі салмақта белдескен Нилуфар Раймова алтыннан алқа тақты. 65 келі салмақта күрескен Дариға Әбен де қарсылас шақ келтірмей, тұғырдың ең биігінен көрінді. Ал 59 келіде сайысқа түскен Мадина Аман мен 53 келіде бағын сынаған Айша Уалишан қоржынға қола жүлдені салды.

АХМЕТ ЯСАУИДІҢ «ПАҚЫРНАМА» ЕҢБЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Ясауитану ғылыми зерттеу институты шығарған «Пақырнама» кітабының тұсауы кесілді. Бұл еңбек түркі әлеміне танымал тұлға Ахмет Ясауидің «Пақырнама» туындысы. «Пақырнама» өз деңгейінде насихатталмаған шығармалардың бірі. Бұл ретте Ясауитану ғылыми-зерттеу институтының мамандары осы еңбекте Алматы қолжазба нұсқасын негізге алып, араб баспа әрпімен теріп, транскрипциясын жасап, қазақша мағынасын жалпы көпшілік оқырманның назарына ұсынып отыр. Жинақта пақырнама сөзіне түсінік беріліп, пақырлықтың қасиеттері, еңбектің зерттелуі, тілдік талдаулар, т.б жұмыстар жасалған. Пақырлық сөзінің астарында дәуіштік, сопылық, тақуалық, Алла тағалаға деген мұқтаждық жатыр. Университетке қарасты «Ясауитану ғылыми зерттеу институты» Қожа Ахмет Ясауиді тұлға ретінде жан-жақты зерттеп, бүгінгі ғаламдық өркениет дамуында Ясауидің рухани танымын әлем сахнасына таныту мақсатында еңбек етіп жатыр. Бүгін оқырманға жол тартқан «Пақырнама» кітабы осы мақсатта атқарылған жұмыстың бірі деп білеміз.



*Құрметті университет ұжымы!
Қымбатты студенттер!
Сіздерді Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!
Ұлы мерекеміз — Тәуелсіздік күні құтты болсын!*

Бұл күн — ата-бабамыз аңсаған афманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Еңселі еліміздің елемендігіне биыл 30 жыл толып отыр. Осы 30 жыл ішінде еліміз көк байрағы желбіреген, абыройлы да айбынды, ынтымағы мен бірлігі жасарған мемлекетке айналды.

*Айтулы мерекеді Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға бақыт, зор жетістіктер тілеймін!
Тәуелсіз Қазақстанымыздың дамуы жолында жасап жатқан жұмыстарыңыз жемісті болып, туған жеріміз, еліміз — Қазақстан үлденіп, көркейе берсін!*

*Құрметпен,
Жанар Шемірбекова,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры*

*Құрметті оқытушы-профессорлар
құрамы, қызметкерлер!
Сүйікті студенттер!*

Сіздерді 16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Түркістанның төрінде тұрған оқу ордамыз Қазақстан, Түркия және күллі түркі әлемінің достығы мен бауырластығын нығайтуына себепші бола беруге тілектеспіз. Бұл мерекені түркі елдерімен қарсы алу мен үшін үлкен мәртебе. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қазақ халқына тек жақсылық әкелмей!

Жасасын Қазақ елі! Жасасын түркітәулес елдердің бірлігі! Тәуелсіздігің құтты болсын Қазақстан!

*Ізгі тілекпен,
Әсеніз ПОМАР,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректор өкілі*

МЕРЕЙТОЙ

ОҚУ ОРДАМЫЗДЫҢ ТҰҢҒЫШ РЕКТОРЫ - МҰРАТ ЖҰРЫНҰЛЫ
80 ЖАСТА!

7- желтоқсан – университетіміздің алғашқы ректоры, ғалым, Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынұлының туған күні. Халқымыздың арда азаматы 80 жасқа толып отыр. Мұрат Жұрынов саналы ғұмырын еліміздің білім және ғылым саласының дамуына арнаған тұлға. Еңбек жолында талай белеске шығып, ұжымның және әріптестерінің құрметіне бөленген азамат. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымы бірінші ректорымыз Мұрат Жұрынұлының еселі еңбегін ешқашан ұмытпайды. Ол Қазақстан тәуелсіздігін алып, егемен ел болған сәтте құрылған оқу орнымыздың тізгінін алғаш болып ұстаған еді. Кәсібилігі мен іскерлігі, көрегендігі мен ақыл-парасаты арқасында аз уақыттың ішінде жаңадан ашылған университетімізді аяқтан тік тұрғызды.



Ешбір қиындыққа мойымастан университетті халықаралық деңгейге шығара алды. Бауырлас Түркия Республикасымен тығыз байланыс орнатып, дипломатиялық қабілетінің көмегімен сырттан қаржы тартып, шағын ғана кампусты аумағы үлкен оқу орнына айналдырды. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің өзіне тән білім жүйесін қалыптастырып, тәжірибелі ұстаздар мен дарынды шәкірттерді бір шаңырақтың астына жинай алды. Ал бүгін біз Мұрат Жұрынұлының ерен еңбегінің жемісін көріп отырмыз. Халықаралық университетіміз ерекше статус алып, биыл 30 жылдығын тойлағалы жатыр.

Осындай қуанышты күні Мұрат Жұрынұлын 80 жасқа толған мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, өзіне және отбасына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін!

**Жанар Темірбекова,
Ахмет Ясауи университетінің
ректоры**



Таяуда Ұлттық ғылым академиясында университетіміздің алғашқы ректоры Мұрат Жұрынұлының 80 жасқа толуына орай дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Жиынға университет басшылығының атынан Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Асқар Тұрғанбаев қатысты.

Іс-шарада Асқар Әбдуәліұлы академик Мұрат Жұрыновқа университет ұжымының сәлемі мен ыстық ықыласын жеткізіп, арнайы сый-сияпатын тарту етті.

Оқу орнымызды құрушы ректор, ҰҒА президенті, ғалым Мұрат Жұрынұлы 80 жасқа толған мерейлі мерекесімен тағы да құттықтаймыз!

Университет ұжымы



Желтоқсанда дірдек қаққан үш күн немесе жан азабы

Сарғыш тартқан газеттегі суретке толғана қарап отырмын.....

..... Сот залы. Қызыл жағалылардың құрсауында қолдары арттарына қайырыла кісенделген өрімдей төрт жігіт алдарына карап, қасқая, сот үкімін тыңдап тұр. Кеңестік «әділ» сот мүшелерінің бастары салбырап кеткен.

Желтоқсан оқиғасынан кейін бес ай өткенде Жоғарғы сот залынан түсірілген бұл сурет кезінде елді дүрліктіріп, талай асыл азаматтардың тағдырын қиямет-қайымға айналдырған болатын. (Өңгіме Алматы облыстық «Жетісу» газетінің 1987 жылғы 21 мамырдағы нөмірінде жарияланған сурет жөнінде болып отыр. Сол кезде біз осы газеттің қызметкері едік).

Арадан отыз бес жыл да сырғып өте шығыпты-ау! Алматыдағы сол кезде Брежнев атымен аталған алаңда үш күн бойы қақаған аязда дірдек тұрған жиырмалардағы жастар елуді де еңсеріп қалыпты-ау... Қазір де солардың кеудесінде сол кездегі салқынның әлі сызы жатқанын дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Біз білетін сондай жандардың бірі Айтбаева Нұрсәуле Қонарбайқызы.

Нұрсәулемен әңгімелесіп отырдың өзі бір ғанибет. Қызмет жайына келгенде кей мәселелердегі келеңсіздіктерге жаны күйіп, ақтарыла айтады. Титімдей де жасандылық аңғарылмайды.

Табиғи ашық-жарқындық, тік мінез, өршілдік пен талапшылдық, берік ұстамдылық лебі есіп тұрғандай. Тұла бойындағы қайтпас қайсарлығы біршама жайдан хабар бергендей.

Өңгіме арқауы Желтоқсан жайына ойысқанда қайралған қайрақтай жанып түсті. Сол бір сақылдаған аязды күндері Алматыдағы орталық алаңда өзі куә болған бірқатар оқиғаларды бүкпесіз ортаға салды...

Сексен алтының желтоқсанында Алматы шетел тілдері педагогикалық институтының Ағылшын тілі факультетінің Ү курсына оқып жүрген. Сол жылдары қазақтар балаларының шетел тілі бойынша мамандық алуларына құлықсыз қарайтын. Ата-анасы медицина факультетін таңдағанмен Нұрсәуленің өзі ағылшын тілін қалап, бірбеткейлігімен оқуға түскен. Соңғы курс. Институтта шетел тілдерінен негізінен алғанда орыс, еврей, қазақ тілінен мүлдем мақұрым қалған орыс тілді қазақ оқытушы-профессорлар дәріс береді. Аудиторияларда қазақша сөйлейтіндер некен-саяқ. Тарих, қазақ тілі сияқты бірлі жарым пәндерден беретін ұстаздар дәрістерін қазақ тілінде жүргізеді.

Әлі есінде, 15 желтоқсанда кешке қарай далаға қоқыс шелегін алып шыққанда жатақхана аумағынан жас шамасы 30-35 тердегі екі-үш ер азаматты көзі шалып қалған. Олар бірер студентпен сөйлесіп, Орталық Комитеттің бірінші хатшылығына Ресей Республикасынан бір орыстың әкеліп отырғызылғанын, мұның әділетсіз екенін, ертең орталық алаңға студент жастардың жиналатынын айтқан екен. Бұл хабар жатақханаға лезде тарап кеткен. Жатақханада қазақ қыздар көп емес еді. Олар түнімен өзара келісіп, ертеңіне алаңға шығуға бел байлаған.

16 желтоқсанда кешкі 18-дер шамасында бес-алты қыз алаңға жеткен. Айтса айтқандай, әр жер-әр жерде бейбіт топтар пайда болды. Шыңылтыр аяз бет қарып тұрды. Бұл күні айқай-шу бола қойған жоқ. Тек қызу қанды қыз-жігіттер өз орталарында Қазақстанды басқаруға шеттен орыс азаматын әкеліп отырғызған КОКП Орталық Комитеті шешімінің дұрыс емес екендігін, елімізді қазақ басқаруы керектігін, лениндік

ұлттар саясатының өрескел бұзылып отырғандығын айтып жатты. Алаңда негізгі әңгіме осылай өрбіді. Түнге қарай алаңдағы топ шоғыры молая түсті. Кей тұстарда ортада от жағылып, тоңған жастар соған жылынды. Мұнда жеңілдеу киіммен әрі биік



өкшелі етікпен келген Нұрсәуле қатты тоңса да алаңды тастап кете алмады. Әбден қас қарайғанда жастар ертең дәл осы алаңда жиналатын болып уағдаласты да тарай бастады...

Түнімен шала ұйқылы болған шетел тілдері институтының бір топ студенттері 17 желтоқсанда таңертеңгі сағат 10-ға таяу шамасында алып-ұшып алаңға жетті.

- Кешегідегідей емес, бұл күні барынша қалың әрі ықшам киіндік, - деп еске алады Нұрсәуле. - Аяғымызға етік емес, қалың носкимен красовка кидік. Бізге ары-бері жүріп тұруға, тіпті қашып кетуге ыңғайлы аяқ киім керек болды.

Осы мерзімде алаңға ҚазГУ-дің, зоотехникалық және ауылшаруашылығы институттарының, политехникалық институттың, қаладағы басқа да оқу орындарының студенттері, С.М.Киров атындағы зауыттың қазақ жастары бастаған кейбір кәсіпорындардың өкілдері жан-жақтан топ-тобымен ағылып келе бастады. Алаң қара-қорым халыққа лық толды. Алдымен алаңды милиция жасақтары қоршады. Қалқанды әскерилер айнала шеп құрды. Түрлі ұрандар айтылып, лозунг-транспаранттар көтерілді. Алаңды әділеттің орнауын талап еткен ұрандаған ашу-ызалы үндер кернеді. Кешке қарай наразылық толқуы шарықтау шегіне жеткендей еді.

Нұрсәуле басқыштағы орнында тұрып, болып жатқан небір сұмдықты өз көзімен көрді. Жан-жүрегі езіліп, қан жылады. Колбиннің саясатын жақтап Меңдібаев сөз сөйледі. Оған мұзды қар лақтырылып, сөзін аяқтатпай тастады. Өнші Роза апамыздың сабырлылыққа шақырған дауысын өз құлағымен естіді. Мінбеге шығып, жарамсақтық танытқан кейбір партия, кеңес, үкімет қайраткерлерінің шақыруларына нөпір халық құлақ асқан жоқ, айқай-шумен қарсылық білдірілді, мұз араласқан қар лақтырылып жатты.

Топтан ажырап, жеке қалған жастарды солдаттардың таяқтап, тепкілегендерін,

дайын тұрған жүк машиналарына қалай сүйрелеп, бұлардан басқа да небір сұмдықтарды өз көзімен көрген еді. Екінші күні де әрең қашып құтылғаны есінде. Бірақ қайсар қыз қайтпады. Үшінші күні, яғни 18 желтоқсанда таңертеңгі 10-нан аса бере алаңда тағы да болып, сол бұрынғы орны, басқышта тұрды. Қаһарына мініп алған, мұздай қаруланған әскерилер мен милиция жасақтарының ойрандап, ойларына келгенін істегенін өз көзімен көрді. Жан-жақтан құйылған халықтың қалың нөпіріне куә болып, солардың арасына сіңіп кете барды...

Үшінші күні де әупірімдеп әрең құтылып, жатақханаға жетіп құлады. Алаңға шыққан студенттердің кейінгі тіршіліктері де қауіп-қатерге толы болды. Сол айларда қолдарында алаңда түсірілген суреттер бар «үндеместер» Алматының кеше-көшесін, қоғамдық орындарды торуылдап жүрді. Талай-талай студент жастар аяқ астынан ұсталып, темір торға тоғытылып жатты.

Сақылдаған сары аязда үш күн бойы алаңда тұрып дірдек қаққан, жүрегі қан жылаған студент Нұрсәуле Айтбаева арада қаншама жылдар өтсе де кеудесінде сол кездегі салқынның әлі де сызы жатқанын жан жүрегімен сезінумен келеді...

1987 жылы институтты ағылшын және неміс тілдері мамандығы бойынша бітірген Н.Айтбаева туған еліне аман-сау оралып, еңбек жолын Алғабас ауданындағы Бөген орта мектебінде ағылшын және неміс тілдері пәндерінің мұғалімі болып бастады. Одан кейін өз мамандығы бойынша Кентау қаласында, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде абыройлы қызмет етті. Университетте Дайындық факультетінің деканы, Біліктілік жетілдіру факультетінің деканы, Тіл үйрету орталығының директоры қызметтерін атқарды. 2014-2021 оқу жылында Филология факультетінің деканы қызметін абыроймен атқарды.

Нұрсәуле Қонарбайқызы филология ғылымдарының кандидаты, доцент. 40-тан астам ғылыми еңбектің авторы, оның тоғызы монография, оқу құралдары.

.... Таныс суретке тағы да тесіле қарап отырмын. Ауыр үкімді жанарлары от шаша тұрып тындаған айналайын бауырларым, інілерім-ай! Сексен алтыдағы желтоқсанның ызғары өздеріңді жасыта алмады-ау!

Желтоқсанның сол аязды күндерінде алаңда болып, дірдек қаққан, қазір университетімізде бірге қызмет атқарып жүрген Бекжігіт Сердәлі, Бекарыс Мыңбаев, Жанәлі Дәрібаев, Дударша Сартбаева секілді қарындас-інілерімді көрген сайын бір арқаланып қалатыным бар.

Мұхтар ағамыз көкірегі қарс айырыла айтқандай;

Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның, Айналайын, айналайын, жас өркені халқымның!

Несін жасырайық, кезінде осыны біздер, кеңестік қазақ журналистері, терең түсінбедік қой. Түсінсек сөзімізді батыл айтпас па едік! Кешіргейсіңдер біздерді Желтоқсан құрбандары, әділдік, ақиқат-шындық жолында шарқ ұрған желтоқсандықтар!....

От-жалынға оранған өздеріңді Қазақ елі Тәуелсіздігінің қарлығаштары десек артық айтқандық бола қоймас, сірә. Сендердің бақытты ғұмыр кешуге қақыларың бар!

Сейдулла САДЫҚОВ
Қазақстан Журналистер одағы
сыйлығының лауреаты,
филология ғылымдарының докторы

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Жанәлі ДӘРІБАЕВ,
Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының жетекшісі:

«БІЗ ТЕК ҰЛТТЫҚ НАМЫСТЫҢ БҰЙРЫҒЫН ОРЫНДАДЫҚ»

Тәуелсіз ел болып еңсе тіктегенімізге де биыл 35 жыл толып отыр. Қазақстандағы 1986 жылғы қазақ халқы жастарының серпілісі азаттық қозғалысы шежіресіндегі ең бір жарқын бөлес болып табылады.

Желтоқсан көтерілісі – ғасырлар бойы жиналған ашу-ыза жарылысы.

Егеменді ел болуға түрткі болған қазақ жастарының арасында оқу ордамыздың «Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының» басшысы Жанәлі Дәрібаев та болған еді. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында біз де Жанәлі мырзадан желтоқсан көтерілісі туралы сыр бөлісіп қайтқан едік.

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі кезінде мен Алматыдағы политехникалық институтты (қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы ұлттық техникалық университет) бітіріп, Алматы ауыр машина жасау заводында (АЗТМ) Бас металлург бөлімінде инженер-технолог ретінде еңбек етіп жүрген болатынмын. Қазақстан халқының пікірімен санаспастан басқа ұлттық өкілін елімізге басшы етіп тағайындауы, тоталитарлық жүйенің астамшылығы біздің ашу-ызамызды туындатты. Желтоқсанның сол аязды күні жұмыстан шыға сала жұмысшылар жатақханасына барып, хабарды әлі естімеген бейқам жүрген жастарға мәселені түсіндірдім де, артынша бейбіт наразылығымызды білдіру үшін алаңға алып бардым.

Содан соң дүрбелең басталған кезде күндіз жұмыста, кешке үнемі алаңда болдым. Менің білетінім, бізді ешкім ұйымдастырған жоқ. Біз тек намыстың, ұлттық сезімнің бұйрығын орындадық. Хабарды естіген сәттен бастап, өз бетімше жасаған әрбір әрекетімді дұрыс санадым. Алдымен Медицина институтында оқып жүрген студент інім мен қарындасым «үш күннен кейін келіңдер» деп поезға билет алып беріп, оларды ауылға қарай отырғызып жібердім. Оным дұрыс болыпты, ертесіне-ақ поездардың жүруі тоқтады. Алаңда бейбіт шеру жасауға тырыстық. Өз ой-пікірімізді айтуға талаптандық. Билік өкілдерімен келіссөз барысында «Ортамыздан ең болма-са бір адам мінбеге шығып сөйлесін» деп ұғындыруға тырыстық. Қазір мемлекеттік гимнге айналған «Менің елім, Қазақстанымды» шырқадық. Алдыңғы шепте тұрған әскердің алдында тұрған полковник қазақ екен, маған: «Қазір жаппай тарату басталады. Кеткендерің дұрыс болар» деді сыбырлап. Ұмытпасам, олар сол Алматыдағы И.Конов атындағы әскери училищенің сарбаздарын бастап келген офицерлер болса керек. Мен оған: «Сапта тұрғандардың бірқатары қазақтар сияқты. Қазір сіздерге бұйрық беріп, жаппай атындар-асындар десе, ең болмағанда қазақ әскерлер ондай айуандыққа бара қоймайтын шығарсыздар» дедім. Ол бір күрсініп, иығын көтерді де теріс айналып кетті...

Өз басым, алаңда ұлттық намыс жолындағы жан айқайымызды білдіріп, ұлттық сезімнің бұйрығын орындадық деп есептеймін. Бейбіт қарсылықтың аяғы қантөгіске барғанына әрине, сол кездегі басшылық, солақай саясат, тоталитарлық жүйе кінәлі. Өрт сөндіргіш машинадан шашылған суық су жастардың қатты ашу ызасын туғызды. Бейбіт шерудің соңы - бірнеше республикадан жинап әкелген әскерді қолданып, жастарды резеңке сойылмен жаппай ұрып-соғып таратумен аяқталды. Қайтар жолда көшедегі патрульдер овчарка иттеріне талатып, олардан зорға әуірімдеп құтылды... Ереуілге шыққан жастардың біразын тиеген жүздеген автобус қаскелең бағытындағы құм алатын карьерге, Қапшағайға, біразы Медеу шатқалына жіберілді. Оңбай таяқ жеген қыз-жігіттер жаяу-жалпы, жартылай жалаңаш, қысқы түнде айдалада қар үстінде қалды...

Сол күндері қазақ жастарының ұлттық санасының биік, жан дүниесінің таза, олардың отаншыл, елжанды, ұлтжанды екендігін тағы да бір аңғаруға мүмкіндік туды. Біз осыны дәлелдедік. Ұлтымыздың сағы сынбады. Билік ызғарынан қазақ жастары ықпады.

Деректерге жүгінсек, дүниені дүр сілкіндірген үш күнде 60 мыңдай адам алаңға шығыпты, оның 8000-ы уақытша қамауға алынған, 200-дей адам абақтыға жабылған, 1500 адам әкімшілік жазаға тартылған.

Осы бір ауыр күндері күндіз өзім еңбек ететін Алматы ауыр машина жасау заводының болат құю және шойын құю цехтарына барып біраз насихат жүргіздім. Бұл цехтарда еңбек өте ауыр еді, еңбек ауысымы аяқталғанға дейін цех іші қап-қара түтін мен техниканың у-шуынан құлақ тұнатын. Болат пен шойын қорыту цехы болғандықтан бірнеше тонна болатын ауыр металдар өңделеді. Осындай ауыр жұмыстардың басым көпшілігі қазақтар еді. Басшылардың көбісі өзге ұлт өкілдері. Іле-шала, біреулер айтып ескертіп үлгерді ме екен, завод радиосынан экстремист-ұлтшылдардың заводқа еніп кеткені, оларды көрген адам дереу күзетке хабарлауы тиіс екендігі

жөнінен хабарламалар саңқылдап жатты. Ертесіне, завод әкімшілігі жұмыстағы ер адамдарды завод ауласына қатарға тізіп тұрғызып қойып, темір шыбықтар мен арматура үлестіріп, «халық жасақшысы» ретінде қала көшелерінде тәртіп орнатуға баруды бұйырды. Теріс жүргізген насихат нәтижесінде олардың көпшілігі алаңға «тәртіп орнатуға» бара жатырмыз деп ұғынды. Ересек адамдарды студент жастарға қарсы қою және негізінен славян ұлты өкілдерінен тұратын жасақты қазақ жастарына қарсы қою саясатының зымияндығын айтып, бүкіл завод ұжымынан сапта тұрған мен және бір Бақанастың жігіті, екеуміз ғана наразылығымызды білдірдік. Сол күні, завод әкімшілігі мен партия комитеті жиналыс өткізіп, екеумізді жұмыстан шығару туралы шешім шығарып, артынша бөлім басшысының ара-



ласуымен бізді жұмыста қалдыратын болды, бірақ партия мүшесі болмасам да, завод әкімшілігі және партия ұйымы атынан қатаң сөгіс жариялады. Қазір белгілі болғандай, қарсылықты басып-жаншу үшін, көшеге қалың әскермен бірге сол кезде 16 мыңнан астам халық жасақшысы шыққан екен. 1986 жылғы Желтоқсан ақиқаты алғашқыда жалпы жұртшылыққа қалай хабардар етілгенінен назар аударайық. Сол кездегі бұқаралық ақпарат құралдарында барлық хабарламалар тек бір жақты сипатта болды. Ақиқат пен жариялылық сол кездері мүлдем жоқ болды десе де болады. Сол кездегі газеттер Алматы көшелерінде байқалған ұлтшылдық көріністерге кінә тағу, сөгу, ал ұйымдастырушыларды міндетті түрде тауып алып ұстау, соттау керек деген пиғылдағы ойлар ашық айтылып жатты.

Сол кездердегі «Литературная газета» басылымында меншікті тілші А.Самойленко «Шындық

сабақтары» атты мақаласында: «Көп жастар жазасын алды, комсомолдан шығарылды, правоға қарсы әрекеттері үшін оқу орындарынан қуылды, біразының бұзақылығы, жаппай тәртіпсіздік жасағаны үшін оқу орындарынан қуылды, істері сотта қаралатын болды. Әрине, тәртіпсіздіктердің басшыларын, ұйымдастырушыларды іздестіруді табанды түрде жедел жүргізу керек».


Бұл ақпарат құралдарында біржақты күйе жағу бар да, ең басты мәселе – жастардың алаңға неге шыққаны айтылмады. Жастардың оқу орындарында өз ана тілінде оқи алмайтыны, зауыт-фабрикаларда ең аз ақылы жұмысқа қолдары әрең жететіні, пәтер зардабын шеккендер тек қазақтар екендігі, қазақ мектептерінің, бала-бақшалардың жыл санап жоғалып бара жатқандығы, ұлт тағдырына, тіл тағдырына қатысты көкейкесті, күрделі мәселелердің, проблемалардың шешімін таппай келе жатқаны, қазақ ұлтының көп жерде кемсітушілікке ұшырап, өзінің азаматтық құқығын тіпті қорғай да алмай қалатыны жайында биік мінберлерден мүлде айтылмады. Сол күндердегі жастардың жанқиярлық әрекеттерін Желтоқсан көтерілісінің негізгі өзегі деп білу қажет. Желтоқсанның қадір-қасиеті - жастардың ұлттық бірлік сезімін күшейтіп, нығайта түскенінде. Желтоқсанның сол күндері қаншама ауыр болса да, жастардың жігерін мұқалта алған жоқ. Қайта, шыңдала түсті, ынтымақ-бірлігі нығая түсті, өміршіл жүйенің шынжырын үзді, еркіндікке жол ашты. Сол күндердің тарихи орнын, тарихи маңызы мен мәнін бағалағанда, ең алдымен ұлттық тәуелсіздігіміздің ғасырлар бойында жүріп өткен және жалғаса беретін тарихи белесі ретінде бағалануы тиіс. Өйткені, басқа бағалардың бірде бірі уақыт сынына төтеп бере алған емес. Тек тарих, уақыт қана барлығын өз орнына қояды, өз бағасын береді.

Қазақ халқының ғасырлар бойы аман алып келе жатқан, оның ұлт ретінде жойылып кетпеуіне кепіл болып келе жатқан бір құдырет бар. Ол құдырет - қазақ халқының ұлттық намысы. Желтоқсан көтерілісі, қазақ халқының намысты ел екендігін айдай әлемге танытты.

Дана бабаларымыз былай деген: халықтың өмірі мемлекеттің өмірі сүруінің мән-мағынасына айналғанда адамдар рухани тірекке ие болады.

Біз үшін Тәуелсіздік ең алдымен қазақстандықтардың бірнеше буынының имандылық және саяси тұрғыдағы ерік-жігерінің салтанат құруы. Бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі. Түрлі кедергілер мен ауыр сындарға қарамастан, ел тәуелсіздігінің әрбір қадамы қай кезде де біздің жүрегімізді айырықша толқынысқа, мақтанышқа кернейді, бұл сезімді тек еркін азамат пен өз Отанының патриоты сезіне алады. Бүгінгі ұрпақты патриоттық тұрғыдан тәрбиелеуге желтоқсандықтар күресі сабақ болуға әбден лайықты. Ұлтымыз аман тұрса, оның ұлттық намысы әрдайым ояу, сергек тұрса Желтоқсан көтерілісінің Қазақ тарихындағы орны биіктей бермек.

Тәуелсіздіктің түбірі - ұлттық мемлекет, тамыры - жасампаздық рух, ұраны - ел мен халық. Тәуелсіздігіміз баянды болсын!



ЫЗҒАРЛЫ ЖЕЛТОҚСАН

Сексен алтыншы жылғы желтоқсан! Дәл сол күндері Алматы жастарының бұл бас көтеруін түсінгеннен түсінбегендер көп болғаны ақиқат еді. Желтоқсан алаңындағы дүбірдің жаңғырығы ұлан-байтақ Одақтың түкпір-түкпіріне жетеді, бес жылдан кейін алатын тәуелсіздігімізге жоралғы болады деп ойлап па едік? Албырт жастар түгілі көпті көрген аға ұрпақ өкілдерінің өзі абдырап қалған. Өйткені, біз мұндай оқиғаны күтпеген едік.

Адамзат қоғамы дамуының заңдылықтарын білмегенбіз. Тарихи тұрғыдан алғанда, сөзсіз болатын, түн артынан күн келетіні сияқты, еркімізден тыс, табиғаттың өзі тудыратын құбылысты күткен жоқпыз. Басқаша айтып жүргендер болса, «сол кезде-ақ дұрыс бағасын бердік» дегендер болса, ондай сәуегейліктің шындыққа қанша жанасатынына күмәндімін. Иә, кезінде «Алматыдағы желтоқсан оқиғалары» деп тар шеңберде ғана түсіндірмек болған билеуші үкіметтің жалған сөйлегенін біз білдік. Тарихи маңызы қаншалықты екенін жете түсінбесек те, сол күндерде тек Алматы ғана емес, Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік көлемі мен қуаты әртүрлі наразылықтар болғанын қалың жұрт кейін ғана білді. Білдік те, әлемге қамшы үйірген кеңестік империяның билеушілері неге ғана құты қашып, қорыққанын түсіндік. Жылдар өткен соң сол түсінігіміз кеңейіп келеді. Сол бір ызғарлы желтоқсан күндерінде Алматыда қандай оқиғалар болғанын өзіміз көрдік.

... 1986 жылдың 16-желтоқсанында мемлекеттік іс-тәжірибені аяқтап Балқаштан - Алматыға самолетпен ұшып келдік. Өуе жайда күтіп алған достарымыз бүгін алаңда жаңа жылға қарсы Қ.Байбосынов, Р.Рымбаевалар концерт береді деген соң, бірден алаңға жол тарттық. Алаңға келсек трибунада кезек-кезек жастар шығып сөз сөйлеп қол шапалақтап ұрандатып жатыр. Біздің ойымызда түк жоқ екі айдан бері Алматыны сағынып қалғандықтан болар. Төңіректі аралап біраз жүрдік. Сағат шамамен төрттердің кезінде

тауыққа бидай шашқандай жастар қаумалап алаң ығы-жығы кейіпке енді. Кешкі салқын, ызғар біліне бастағанда, концерттіміз митингіге ұласқанын байқадық.

Кенет милиция: Тараңдар! Тараңдар, әйтпесе, күш қолданамыз. Сойылмен соғу, айқай-шу, итермелеген жастар жан-жаққа қаша бастады. Милиция жаралы қыздар мен жігіттерді біртіндеп сүйреп, жұлқылап әкете бастады. Жастар жұлқынып, халыққа қарап ышқына сөйледі. - Әй туғандар! Жігіт болсаңдар шығындар бері

қарай! Қосылыңдар біздің қатарға. Осы кезде қарулы милиционер жігіттердің көк желкесінен шоқпармен ұрып қалды. Жігіт сылқ етіп есінен танып қалады. Мұндайды көрмеген басымыз кері қайтуға ыңғайласақ, Жастар легімен қайта алаң ортасына келгенімізді байқамадық.

Қас қағым сәтте, АҚШ-тың киноларында көретін адам қаны ақ қардың, мұздың бетіне қызылдан өрнек сала бастады. Мұндайды өмірімізде көрмеген едік. Биік қабатты үйлердің балкондарынан ыстық су құйылған шелек, шөйнектер төбемізге құлай бастады. Көпшілікті қаумалаған солдаттар барлығымызды бір жертөлге алып келгенде, қазақтың қара домалақ бір жігіті қыздар сендерге не жоқ қайтындар мына жерден деп жол сілтеді. Не болғанын түсінген де жоқпыз нағыз концерттің ортасынан жатақханаға құстай ұшып келсек, есік ілулі тұр. Әскери тәртіп орнап, институттың басшылығы бәрі осында



екен.

Сол бір ерте түскен қыс тоқырау жанжалының табанында аяусыз, армансыз тапталған ар-намыстың ышқынған дауысы құлағымызда әлі шыңылдап тұрғандай. Иә, желтоқсан оқиғасының жаңғырығы жүздеген жылдарға кететініне, ешқандай күмән жоқ. 1991 жылы ақ түйенің қарны жарылып, шаттыққа бөлендік. Желтоқсанның ызғары - ай дірілдеткен, еске алам мен кешегі қыршындарды.

Ал, міне, Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл толуымен тұспа-тұс Желтоқсан оқиғасының да 35 жылдығы келіп қалыпты. Бұл екеуін бір-бірінен бөлек қарастыру мүмкін болмас, сірә. Себебі, біз Тәуелсіздікке, Азаттыққа, Бостандыққа аңсап, зарығып, қаншама қанымызды төгіп, жанымызды шүберекке түйіп жеткен халықпыз. Ата-бабаларымыз азат күнді тек армандап қана ғұмыр кешкен жоқ, сол жолды жолбарыстай жұлқысып, арыстандай арпалысып күресіп өтті. Ұрпағынан ұрпағына қалар аманат арқалатты. Аманаты – ата-бабаның қаны сіңген қасиетті топырақты, ұлан-ғайыр кең өлкемізді, қазақ жерін қорғау, сақтау. Аманаты – ана тілімізді таза ұстау, ана сүтіндей кие тұту, дінімізді жоғалтпау. Осыған лайық ұрпақ өсіре алған халықпыз. Оған дәлел – ең берісі, 1986 жылығы Желтоқсан оқиғасы. Азаттық жолындағы, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрестердің ең бір түйінді тұсы, буырқанған жас күштердің жарға соққан, асау толқыны. Сіздерді тағы да тәуелсіздігіміздің торқалы тойымен құттықтай отырып, мемлекетімізге жарқын болашақ, ұрпағымызға саулық тілейміз.

М. ЖАЗДЫҚБАЕВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІ ҚОСЫМШАСЫ



TAM 30 YILI GERİDE BIRAKIRKEN...

Türk Dünyası'nın kalbi, manevi başkenti Türkistan'da 2021 yılına veda ederken; hem Türk Dünyası adına, hem Türkistan adına hem de üniversitemiz adına önemli gelişmelere şahitlik ettik. Türk Devletleri Teşkilatı adıyla yapısını ve hedeflerini güncelleyen bir üst organizasyona, bir birliğe sahibiz. Bunun getirmiş olduğu işbirliği inşaallah hepimiz için hayırlara vesile olur. Bununla birlikte hızla gelişen ve kalkınan Türkistan şehrimiz yıl boyunca önemli misafirlere, önemli toplantılara ev sahipliği yaptı. Özellikle üniversitemiz bu konuda oldukça aktif rol oynadı. Fakülte ve enstitülerimizin düzenlediği etkinliklerin, akademik ve kültürel anlamda öğrencilere büyük katkılar sağladığına inanıyorum. Bağımsızlığın 30. yılını geride bırakırken, geçmiş dönük tecrübelerin aktarıldığı, geleceğe dair önemli fikir ve projelerin sunulduğu ciddi oturumlara şahitlik ettik.

Eğitimi de ihmal etmedik. Çevremdeki öğrenci arkadaşlarımla, ders programındaki derslerinin haricinde, farklı ders ve eğitimlere katıldıklarına şahitlik ediyorum. Geçtiğimiz yıllara kıyasla bu dönem, tüm vaktini doldurmayı arzu eden bir öğrenci için kesinlikle boş 1 dakika bile bırakmayan aktiviteler var. Umarım bunun sürekliliğini ve verimini koruyabiliriz.

Bu haftadan itibaren final sınavlarını da karşılıyoruz. Ders içeriklerinde ve özellikle bitirme tezlerinde görüp işittiğimiz kadarıyla, Kazakistan'ın bağımsızlığının 30.yılı her anlamda gündeme geliyor. Çeşitli etkinliklerde coşkuyla ve heyecanla kutlanan yıl dönümü, aynı zamanda derslerimize de konu oluyor. Tüm bu yorumları bir araya topladığımda ortaya çıkarabildiğim neticeyse; iyi ya da kötü tüm kazanımlarıyla geçmiş geçmişte kaldı ancak eldeki imkanlarla ileriye yönelik daha güzel şeyleri başarabiliriz. Mesela, üniversitemiz bu güne kadar on binlerce mezun verdi. Mezunlardan pek çoğu şu anda önemli işlerde önemli görevler yapıyor. Ama bugün gelinen noktada üniversitemizin hedefi ve beklentisi; öyle görünüyor ki, bundan sonrası için çok daha hızlı ve verimli adımlar atarak belki bu güne kadar elde edilen kazanımların daha iyilerini çok daha kısa sürede tamamlamak.

Bu vesileyle bir kez daha gördük ve anladık ki, milletimizin karakterinin ayrılmaz bir parçası olan bağımsızlık olgusu ve milli şuur biz gençler için büyük bir önem taşıyor. Çünkü atalarımızın bizlere bıraktığı mirası geleceğe taşıma vazifesindeyiz. Zihin gücünün üstünlük sağladığı bu çağda tembellik ederek ayakta duramayacağımızın farkındayız. Evet adıyla sanıyla bağımsızlık önemlidir. Ama, tam bağımsızlık daha önemlidir. Ekonomide, bilimde, sanatta, kültürde, edebiyatta, sinemada, müzikte, eğitimde, sağlıkta, sporda, fikirde ve düşüncede yani hayatın her alanında kendi bileğimizin ve aklımızın gücüyle hareket etmeliyiz. Kendimizi "gelişmiş", "batılı" ülkelerle kıyaslayıp, istatistiklere aldanmamalıyız. İyi, güzeli, doğruyu kendimiz inşa edebilecek potansiyele fazlasıyla sahip olduğumuza inanıyorum. 'Başarı' kavramını bize dayatılan değerlerde değil, kaybettiğimiz değerlerde bulabileceğimizi düşünüyorum. Batı demişken, Vatikan'ın neredeyse 2 bin yıldır varlığını sürdürmesini sağlayan prensip de budur: Eski için yeni fikirler dene, olmazsa yeni için eski fikirlere dön.

Birlik ve beraberliğimizin daim olduğu, güçlü ve yeniden büyük olacağımız nice bağımsız yıllara ulaşmak ümidiyle, bu yazıyı Gazi Mustafa Kemal Atatürk'ün 1933 yılında söylediği şu sözlerle noktalamak istiyorum:

"Doğudan şimdi doğacak olan güneşe bakınız. Şimdi günün ağardığını nasıl görüyorsam, uzaktan, bütün doğu milletlerinin uyanışlarını öyle görüyorum. Bağımsızlık ve hürriyetlerine kavuşacak daha pek çok kardeş milletler vardır. Bu milletler bütün güçlüklerle, bütün engellere rağmen, her şeyi yenecekler ve kendilerini bekleyen güzel geleceğe kavuşacaklardır. Sömürgecilik ve emperyalizm yeryüzünden yok olacak ve yerlerine, milletlerarası hiçbir renk, din, ırk farkı gözetmeyen yeni bir ahenk ve işbirliği çağı gelecektir."

Fethullah HALLAÇ
FJK-911

AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ İLE TUSAŞ ARASINDA İŞ BİRLİĞİ PROTOKOLÜ İMZALANDI

Türk Devletleri Teşkilatı Aksakallar Heyeti Başkanı Sayın Binalı Yıldırım'ın Kazakistan ziyareti kapsamında Üniversitemiz ile TUSAŞ (Türk Havacılık ve Uzay Sanayii) arasında iş birliği protokolü 9 Aralık 2021 tarihinde Sayın Binalı Yıldırım ve Prof. Dr. Muhittin Şimşek şahitliğinde imzalandı.



TÜRKİSTAN EYALET VALİLİĞİNDEN AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANINA ÜSTÜN HİZMET ÖDÜLÜ

Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Kazakistan'a yaptığı katkılar ve Ruhani Başkent Türkistan ile ilgili çalışmalarını nedeniyle Türkistan Eyalet Valisi Ömürzak Şukayev tarafından altın madalya ile ödüllendirildi.

TÜRK DEVLETLERİ TEŞKİLATI AKSAKALLAR HEYETİ BAŞKANI BINALI YILDIRIM ÜNİVERSİTEMİZİ ZİYARET ETTİ

Türk Devletleri Teşkilatı Aksakallar Heyeti Başkanı Binalı Yıldırım, 9 Aralık 2021 tarihinde Üniversitemizi ziyaret ederek, Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezi Büyük Salon'da akademisyenlerimiz ve öğrencilerimiz ile bir araya geldi.

Türk Devletleri Teşkilatı Aksakallar Heyeti Başkanı Binalı Yıldırım'a Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından "Fahri Profesörlük" unvanı verildi. Unvan takdim töreni öncesinde Türk Devletleri Teşkilatı Aksakallar Başkanı Yıldırım ve beraberindeki heyet, Üniversitemiz müzesini gezdi ve müzedeki eserler hakkında bilgi aldı.



Yıldırım'a "Fahri Profesörlük" unvanının verildiği törende Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, açış konuşmasında söz aldı. Tören devamında Rektör Dr. Janar Temirbekova ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar tarafından "Senato Kararı" okundu.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, törenin açış konuşmasında Türk Devletleri Teşkilatı tarafından önemli bir göreve getirilen Aksakallar Heyeti Başkanı Yıldırım'a Türkiye Cumhuriyeti'ne ve Türk dünyasına yaptıkları katkılardan ve hizmetlerden dolayı teşekkür ederek "Ahmet Yesevi Üniversitesi ailesi olarak bilimsel ve kültürel çalışmalarını nedeniyle Sayın Binalı Yıldırım'a bu unvanı tevcih etmekten mutluluk duyuyoruz" dedi.

Konuşmasına Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türk coğrafyasının dört bir yanından gelen 10.000'den fazla öğrenciye nitelikli bir eğitim-öğretim hizmeti sunduğunu belirterek başlayan Yıldırım, "Türkistan'ın sosyokültürel açıdan kalkınmasında Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesinin rolü büyük... Türkiye-Kazakistan ilişkilerinde, çatısı altında bulunduğumuz bu değerli ortak üniversitemizin müstesna bir yeri bulunuyor. Şimdiye kadar yapılanları yürekten takdir ediyorum. Üniversitemizin potansiyelinin çok daha büyük olduğuna inanıyorum. Aksakallar Konseyi olarak üniversitemizin çalışmalarını yakından takip edeceğiz ve elimizden gelen tüm katkıları yapacağız" ifadelerini kullandı.

Unvan tevcih töreni, Üniversitemiz öğrencilerinin hazırladığı müzik dinletisi ve dans gösterilerinin ardından Sayın Binalı Yıldırım'a hediye takdimi ve hatıra fotoğrafı çekimi ile sona erdi.

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



• Ойтүрткі

Не ішіп не жеп жүрміз?

тағам қоспалары туралы тәмсіл

Қазіргі тұтынып жүрген өнімдеріміз бен жеп жүрген тағамдарымыз біз үшін пайдалы ма? Осы сұрақ әрине бәрімізді толғандырады анық. Себебі дүкен сөрелерінде барлық өнімнің дерлік құрамында бояғыштар мен түрлі жасанды қоспалар және кармин деген қоспа бар. Неге кармин қоспасын тілге тиек етіп айтып өтті деген ой туындауы мүмкін. Өйткені (Е120) атауымен белгілі "Кармин" бояғышын қарап тұрып, оның жәндіктен алынатыны ойымызға да кіріп шықпас. Ол түрлі жағдайларда қолданылып келе жатқан бояғыш түрі. Бұл бояғыш түрі кошениль деген зиянды ұсақ жәндіктен алынады екен. Ол кактус өсімдігінде мекен етеді. Жәндіктің ұрғашысы біраз уақыт өсімдікте өмір сүреді де, көбейер алдында терісіне қып-қызыл кармин қышқылын түзеді. Сол сәтте оларды жинап алып, сүзгіден өткізіп бояғыш әзірленеді. Көпшілік жағдайда кармин бояғышы әр беріп тұру үшін ет тағамдарына қолданылады. Сонымен қатар (Е120) қоспасын ірімшік, сүт тағамдары, мармелад және кондитерлік өнімдер мен балмұздақ, кетчуп, соус, алкогольсіз және алкогольды шараптардан кездестіруге болады. Кармин бояғышы қосылған тағам мен сусындар әдетте шие, таңқурай, құлпынай және жидек дәмімен болады (дереккөз ihsan.kz). Осы бір бояғыштың салдарынан ағзамызға көптеген зиян келтірудеміз. Одан бөлек күнделікті күйбең тіршілікте көшеден асығыс пайдалы емес дүниелерді жеп жатамыз. Неге пайдасыз? Біріншіден бұл тағамдардың дайындалып жатқан орнында тазалықтың болмауы. Екіншіден сол өнімдердің сатылғанша беттерінің ашық тұруы. Үшіншіден аспаздардың өз жұмысына салғырт, яғни атүсті қарағандықтан дұрыс пісірілмеуіне байланысты. Себебі, бұл



тағамдардың яғни түрлі бөліштерден, тәттілерден біз ойламаған дүниелердің шығып жататындығына байланысты. Бұл әрине адам көп жүретін жерлерде яғни шағын дүңгіршіктерде болатын жайт. Тазалық жағы өте төменгі деңгейде. Тіпті қолдарын жумастан пісіре беретін қаншама жерді де көрдім. Ол жерден күніне мың сан адам өтеді. Қарасақ, бірі жөтеліп, бірі түшкіріп өтетіндер де бар. Мұның өзі көптеген ішек ауруларын туындатады. Көптеген аурулардың себебі де осы тағамдар. Жүрек жалғап аламыз деп, ауру жамап алғанымызды аңғармай қаламыз.

Адам баласы үшін тәуелділік ұғымы мезі болды. Оның

қатарында фаст-фудқа деген тәуелділік, кофе және энергетикалық сусындарға деген тәуелділік. Бұлар ағзаға өте зиян. Әрине, бұл дүниелерден адам уланып өлмейді. Алайда, жиі пайдаланған жағдайда түрлі ауруларға шалдығары сөзсіз. Ересек азаматқа күніне екі шынаяқ кофеден артық ішуге болмайды. Өсіресе, адам ағзасына ерігіш кофе аса зиянды. Ол асқазан қыжылына жиі алып келеді. Ал, энергетикалық сусындардың құрамында кофеиннен бөлек қант, бояуыш, химия және газдар бар. Бұл өнімдер артық салмаққа әкеліп соғады. Басты байлық денсаулық! Салауатты өмір салтын ұстанып, дұрыс тамақтануға ерекше мән беруіміз қажет.

Аружан МҰСАБЕКОВА
3-курс студенті

Ақы-ойды біріктіріп, болашаққа жол аш

Араб әмірліктерінде 2020 жылы өтуі тиіс болып, әлемге тараған індеттің әсерінен кейінге қалдырылған Дубай 2020 EXPO көрмесі өтілуде. 1 қазанда бастау алған көрменің ұраны "Ақыл-ойды біріктіріп, болашаққа жол аш" деп аталады. Болашақтағы өмір сүру көздерін іздей отырып, Марсқа жер тұрғындарының көшуі жайлы да қозғайтын көрме, осы уақытқа дейінге көрмелердің ішіндегі ең ұзағы болады деп жоспарлануда. Қазақстанда өткен EXPO 2017 көрмесінен 4-5 есе үлкен көрменің бұл жолғы ерекшелігі, әрбір мемлекеттен өз көрмелеріне сай дизайнер алынып, құрастырылған. Қатысып отырған 190-нан астам ел, мәдениет және технология салаларындағы жетістіктерімен бөліседі. Жабылуы наурыз айына жоспарланған көрменің жарнамасына арнайы жасанды көл салған Араб әмірліктері, көрмеге 7 млрд доллар жұмсап, 25 млн адам келеді деп жоспарланды. Естеріңізге салар болсақ Қазақстанда өткен EXPO 2017 көрмесіне 2,1 млрд доллар жұмсалып 3 млн адам келген болатын. Дубайдағы көрменің Қазақстан үшін пайдасы мол. Алпауыт мемлекеттер көрмесінің жанында орласқан (АҚШ, БАӘ, ҮНДІСТАН) біздің павильонға қызығушылардың қарасы қалың. Корновирус індеті басталағаннан кейінгі әлемдік деңгейде ұйымдастырылып отырған алғашқы шара болғандықтан тәртіп те өте қатал. Әрбір жерде бетпердемен жүру керек және де 2 күн сайын құны 50 доллар тұратын ПЦР тест тапсыру міндеттеледі. EXPO 2020 көрмесін бір күндік тамашалау құны 45 дирхам (теңгемен 6700), бір ай аралаймын десеңіз 95 дирхам (теңгемен 12 000) тұрады. Жердегі мәселелер мен қатар Галактиканы қорғау, Болашақтағы энергия мен бизнес көздерін қарастырған көрмеде таңдандырар жерлер өте көп. Мысалы АҚШ өз көрмелеріне Марс ғаламшарынан әкелінген топырақты көрсеткен. Болашаққа деген үмітті оятып, бизнеске деген көзқарасты өзгертетін ерекше көрмеге барып жатсаңыз, өзіңізге керекті аларыңыз сөзсіз!

Асадбек ЕРГЕШҰЛЫ,
3-курс студенті

ЕГЕМЕНДІК

ТӘУЕЛСІЗДІК - ТӘҢІРДІҢ ТӘТТІ СЫЙЫ!

Ел Тәуелсіздігі мен оқу ордамыздың 30 жылдығына орай университетімізде салтанатты кеш өтті. Маңызды шараға оқытушы – профессорлар құрамы мен студент жастар қатысты. Сондай – ақ Өкілетті Кеңес Төрағасы Мухиттин Шимшек мырза да арнайы келіп, құттықтау тілегін жеткізді. Өз сөзінде 30 жылдық мерекеге тарту ретінде, университетімізде білім алып жатқан 300 студент жасты Түркияда іс – тәжірибеден өту үшін шақыратынын айтты. Өз кезегінде ректор Жанар Темірбекова көпшілікке мерекелік құттықтау тілегін арнап, егемендіктің ұлы ұғым екендігін жеткізді.

Мағынасы бөлек шара өнерпаздардың арнайы көрсетілімімен басталды. Ата – бабаларамыздың басынан өткен небір нәубет кезеңдерден бастап, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына дейінгі тар жол тайғақ кешулерден, бойды шымырлататын үзінділер көрсетті. Бүгінгі бейбіт өмірдің қандай бұралаңы көп сұрапыл жылдармен, бабаның қаны, ананың көз жасымен жеткендігін ұқтыра білді.

Аталған жиын Желтоқсан оқиғасына қатысқан оқу орда қызметкерлеріне Алғыс хат тапсыру рәсімімен жалғасты. Сонымен қатар, университетіміздің дамуы үшін аянбай еңбек етіп жүрген мамандар да мерекелік Алғыс хаттармен марапатталды.

Осылайша өрбіген салтанатты шара концерттік бағдарламаға ұласты. Бойды шымырлатар рухты әндер шырқалып, жүректен шыққан мәнді өлеңдер оқылды.

Ұлтарақтай болса да туып өскен жер қымбат, Ат төбеліндеу болса да ағайын туыс ел қымбат! Бүгінгі азат өміріміз, бейбіт ғұмырымыз – бабадан қалған мирас. Себебі Тәуелсіздік – жаратушының бізге берген ұлық нығметі!

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ!

(Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына)

Тәуелсіздік- еркіндік, тәубем менің,
Алынған, намыспенен жанмен дедім.
«Азаттық» атауымен жақын еткен,
Төгілген бабалардың қан мен терін!
Тәуелсіздік – қастерлі ұғым білемін,
Тәуелсіздік – сен таусылмас жыр едің.
Естігенде осы сөзді құлақ сап,
Еркін санап өз-өзімді жүремін.
Сен елімің дәстүр, салты, тілісің,
Бастан өткен небір зұлмат құрысын.
Жаса, жайна тәуелсіздік – елдігім,
Миллиондаған жүректің үнісің!
Мен азатпын, таң қаламын, тамсанам,
Мен Қазақтың, мына әлемге жар салам.
Біздер жеттік пешенеге бұйыртып,
Осы күнді бабаларым аңсаған.
Өрқашанда ашық болса аспаны,
Қазақ елі тек алдыға бастады.
Елдің атын мына әлемге шығарар,
Тәуелсіз ел, Қазақтың жастары.
Күрестікте тәуелсіздік жолында,
Еркіндікке жеттік міне соңында.
Қазақ үшін, әрбір жастың ендігі,
Мәңгілік ел болашағы қолында.
Тар замандар бізді нашар еткізді,
Бірлік қана құтқарғанды тек бізді.
Еркіндікті аңсап еді бар Қазақ,
Алла міне сол күнгеде жеткізді.
Баба кетті өсиетті қалдырып,
Ұрпақ келді барша әлемді таң қылып.
Отыз жылдық құтты болсын Алашым,
Жаса, жайна Қазақстан мәңгілік!

Ақнұр СҰЛТАНОВА



ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРАНЫ

Уа, қазағым бізде бар еркіндік неткен!
Осы үшін ата-бабам қанын төккен
Қуанып әрқайсысың жүрсіңдер-ау,
Бұл күнді бабаларым аңсап кеткен.
Қадірлендер жерімізді қастерлендер
Төгілді ғой осы үшін қан мен терлер
Жазған екен Жаратқан бағымызға
Тәуелсіз күн, егемен ел, кең байтақ жер.
Өмірге қаншама адам келіп кеткен,
Кейбірі дүние артынан еріп кеткен
Қазағымның жерлерін сақтаймын деп,
Алғыс айтам бабаларға бәйгеге басын тіккен.
Енді ол күндер тарих болып қалар есте
Қайғылы жаман күндер кетсе екен келмеске.
Желтоқсанның қарлы боран ызғарларын,
Тәуелсіздік күні ғана салсын есімізге.
Артымызда болды талай азап күн
Сол кездері сағы сынды қазақтың.
Шын мәнінде не болғанын біз білмедік
Көп қазағым қуанышын көрмей кетті азаттың.
Жыламасын енді мүлде қазағым
Тағдыр бізге салмасын еш азабын
Шүкір етем, осы күнге Аллаға
Бақыт болсын әрбір үйінде қазақтың!

Жаеэля Сиддикова,
Дайындық бөлімінің тыңдаушысы

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа орталығы

Журналист:

Эльмира Артықбаева

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru